

## **О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебіндегі психологиялық қызмет орталығының 2023-2024 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстардың есебі**

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді

**Психологиялық қызметтің мақсаты** - білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған

### **Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- 1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- 4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;
- 6) білім беру процесіне қатысушыларға, олардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;
- 7) Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

2023-2024 оқу жылында 1-сынып оқушыларының бейімделуі зерделенді Мектепте екі 1-сынып бар. 1 «А» сынып жетекшісі З.Тоқшылықова.Сыныпта барлығы-22 оқушы,қызы-11,ұлы-11 Сыныптың әлеуметтік жағдайы жақсы.Сыныптың педагогикалық-психологиялық картасы,әлеуметтік картасы толтырылған.

1 «Б»сынып жетекшісі Н.Ермекбаева Сыныпта барлығы 19 оқушы,қызы-9,ұлы-10 Сыныптың әлеуметтік жағдайы жақсы, сыныптың педагогикалық-психологиялық картасы,әлеуметтік картасы толтырылған.

1-сынып оқушыларымен тренинг өткізілді.

### **Оқушылардың 1- сыныпқа бейімделу кезеңі (тренинг)**

**Тақырыбы:** Бірінші сыныпқа бейімделуге көмек.

**Мақсаты:** Бейімделу себептерін алдын-алу.**Сабақ барысы:** **Кіріспе** Сурет «Мектепке жол» Жаттығу «Аты және қасиеті» Талдау «Бізге ереже қажет» Ойын «Менің мекен жайым» Екінші-басқаға кедергі жасамау.Сұрақ-жауап Маған мектепке баруға ұнайды Маған сабағы ұнайды .Менім достарым көп Тәттіні жақсы көремін Кімде мысық бар.Кім футбол жақсы көреді т.б.Сәлемдесу рәсімін тандап алу.Сурет Мектепке жол 1-сынып оқушылары . Талдау жасау. Шеңбер бойынша әңгімеледі. **Жаттығу.** Аты және қасиеті. Допты кезекпен бір-біріне лақтырып өзі туралы айтып шығады. Бізге ереже қажет. Талдау.Оқушылар сабаққа неге келеді? Сабақта тәртіп ережесі бар ма?Ойын менің мекен жайым. Барлығы бір уақытта өз адресін айтады, әр біреуі оны естісе екен деп қатты айтады. Жүргізуші біреудің адресін сұрайды. Бірінші ереже бір- бірін тыңдау.Екінші-басқаға кедергі жасамау.Дұрыс немесе қате жауап жоқ. Бір-бірін ренжітпеу.Сен өзіне сенімді боласың егер саған кедергі жасамаса.Басқаға кедергі жасамайтындай қылып барлығын істеуге болады Сенімді болуға болады, сені ешкім ренжітпесе.

### ***Жаттығу «Күн шуақты алаңқай»***

**Мақсаты:** Қатаюу дан арылу, жылы достық қарым – қатынастық қалыптастыру.

**Нұсқау:** Елестетіңіз, күн шуақты көк шалын алаңқайда, дем алып отырмыз. Күн шуағы көздеріңізге қарайды. Көздеріңізден беттеріңізге қарай жылжиды. Алақандарыңызбен сипалаңыздар. Ол ары қарай маңдайыңызға, мұрыныңызға, ауызыңызға, бетіңіздің ұшына, иегіңізге түсті. Одан кейін мойыныңыздан, қолыңыздан денеңізден, арқадан сипап өтті. Күн шуағы сізді жылытты.

**«Күн шуақты алаққай»** қызыл – сары, қош иісті, әсем гүлдерге толы. өз өзіңіздің ұнатқан гүлдерін түйіп, жылы лебіздерін, тілектерін білдірді.

**Қорытынды.**Менің көңіл-күйімнің түсі.**Қорытынды** Тиімді жұмыс атқару үшін маман өзінің беретін пәнін, әр түрлі әдіс- тәсілдерді жетік білуі керек, оқушылармен тығыз қарым – қатынаста болуып жұмыс жүргіздім. Осы мәселелерді әрдайым сабақта, сабақтан тыс уақытта, белгілі бір мақсатта емес, әр түрлі жағдайларда қолданып отыру, атқарылған жұмыстардың нәтижесін көрсету жұмыстың нәтижелі болуына ықпал жасады.

Сөзімді қорыта келе,1-сыныптардың оқушыларының мектепке бейімделуі бірқалыпты екені байқалды.

2023-2024 оқу жылында 5- сынып оқушыларының орта буынға қалыптасуы мен бейімделуі зерделенді. Мектепте екі 5-сынып бар.5 «А» сынып жетекшісі Н.Сәкібаева Сыныпта барлығы-29 оқушы,қызы-18 Әлеуметтік жағдайы – жақсы. Сынып оқушыларына педагогикалық-психологиялық картасы, әлеуметтік паспорты толтырылған. 5 «Б» сынып жетекшісі Г.Бөрібаева Сыныпта барлығы -27 оқушы, 1-оқушы үйден оқиды Алтай Айдын , қызы-18 Әлеуметтік жағдайы-жақсы. Сынып оқушыларына педагогикалық-психологиялық картасы, әлеуметтік паспорты толтырылған.

Сыныптарды бақылау мақсатында 5 «А», «Б» сынып оқушыларымен 21 қыркүйек күні үлкен үзілісте «Молекула» атты жаттығу жүргізілді. Сынып оқушылары түгел қатысты. Жаттығуды қызығып ойнады. Топтағы оқушылар атомдар, олар белгілі бір қозғалыста болды. Жүргізушінің белгісімен олар белгілі бір көлемдегі молекулаларға бірікті. 10 секунд ішінде. Молекула құрамына кірмеген атомдар шығып кетіп отырды. Жүргізуші әр кезде атомдар санын айтып отырып 1 оқушы артық қалып ойыннан шықты. Бұл жаттығу оқушыларды ынтымақтасуға, бір-бірімен жақындасуына ықпал жасауына көмектесті.

5 «А», «Б» сынып оқушыларымен 19 қазан күні үлкен үзілісте Сыйласымды қарым-қатынастарының бұзылмауларын, жолдастарына деген мейірімдерінің күннің шуағындай атты сергітуді жұмысы өткізілді. Сергіту жұмысы өте көңілді өтті. Оқушылар сергіту жұмыстары үнемі өткізілсе деген ұсыныстар айтты. 20 қазан күні «Қарым-қатынас маған қуаныш сыйлайды» атты тренинг өткізілді. Осы тренинг арқылы оқушылардың орта буынға қалыптасуы байқалды. Қарым – қатынас достық, ізгілік мақсатында ұштастыра білді. Олар жағымды қарым – қатынас орнатуға үлкен әсерін тигізді. Алған білімдері мен дағдыларын жаттығу арқылы қайта бекітілді. Оқушылар белсенділік танытты. Сыныптағы оқушылар өз орнын және өзінің ортасына көмектесуді, сыныпта белсенді жұмыс жасауға қызығушылықтары жоғарылады. Бір-бірінің арасынағы қатынас-қатынастың мәнін түсінді. Оқушылар өз бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттерін айтып, оны түзеу жолдарын қарастырғаны байқалды.

26 қазан күні 5 «А» сыныбынан «Менің сыныбым» әдістемесі алынды. Әдістемеге толық сынып орындап берді. Әдістеменің мақсаты: мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы, достары кім? Қорытындысы бойынша сыныпта оқушылардың достары бір-бірімен байланыстары жақсы екенін байқалды. Сынып жетекшісіне алдағы уақытта оқушылармен мектепшілік іс-шараларға қатыстыру, сабағын үнемі қадағалау қажеттігі, үнемі ата-аналарымен тығыз байланыста болу ескертілді.

27 қазан күні 5 «Б» сыныбынан «Менің сыныбым» әдістемесі алынды. Әдістемеге толық сынып қатысты. Әдістеменің мақсаты: мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы, достары кім? Қорытындысы бойынша сыныпта оқушылардың бір-бірімен байланыстары жақсы екені байқалды. Сынып жетекшісіне алдағы уақытта осы оқушылармен мектепшілік іс-шараға қатыстыру, сабағын үнемі қадағалау қажеттігі, үнемі

ата-аналарымен тығыз байланыста болу, оқушылардың жұмыс жасау жайлы ескертілді.

Сөзімді қорыта келе сыныптардың 5-ші сынып оқушыларының орта буынға қалыптасуымен бейімделуі бірқалыпты.

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында ерекше білімді қажет ететін 6 оқушыларға 01.09.2023 жылы-25.05.2024 жыл аралығында №195 бұйрық шығарылып, үйден оқыту ұйымдастырылды.

1.Алтай Айдын Жеңісбекұлы 31.05.2010 жылы туылған ,5 «Б» сыныбында үйден оқиды. Диагнозы:Церебральный паралич, атонико-астотическая форалич ср.ст. Тенести. Симтомическая эпелепсия ЗПМД гр.ЗРР. Пепохрооиная анемия.Жеңіл ақыл-ой бұзылысы бар балаларға арналған арнайы білім беру бағдарламасы бойынша оқытылады.Оқушыға коррекциялық сабақ жүргізіледі.

2.Қобланов Дарын Қалданұлы 17.09.2012 жылы туылған,6 «А» сыныбында үйден оқиды. Диагнозы:Обрзование хиозмольно-солмерной облосные с кистозным компонентом. Состояние после операций. (03.06.2020-19.05.2021 Жалпы мектеп бағдарламасы бойынша білім алушының оқу жетістіктерін бағалау қажеттігі айтылған.Жалпы білім беру бағдарламасымен оқытылады.

3.Қобланов Дамира Қайратқызы 01.01.2011 жылы туылған ,6 «Б» сыныбында үйден оқиды. Диагнозы: ДЦН. Гиперкинетической форма, тяжелый. Степеней тяжести ЗПМРИ ЗРР. Арнайы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту ұйымдастырылды.

4.Амандықұлы Нұрболсын 06.04.2011жылы туылған,7 «А» сыныбында үйден оқиды. Диагнозы: Умственной отсталость легкой степени, значительное нарушение поведение, ухода и лечение. Жеңіл ақыл-ойы бұзылыстары бар, балаларға арналған арнайы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту ұйымдастырылды.Оқушыға колррекциялық сабақ жүргізіледі.

5.Сисенбек Аян Идрисович 17. 02.2011 жылы туылған ,6 «Б» сыныбында үйден оқиды. Диагнозы: ДЦП. Гиперкинетическое форма,тенелой степени тяжести.Жеңіл ақыл-ойы бұзылыстары бар,балаларға арналған арнайы білім беру бағдарламасы бойынша оқыту ұйымдастырылды.Оқушыға коррекциялық сабақ жүргізіледі.

6.Аманхос Абай Сәрсенғалиұлы 12.07.2017 жылы туылған,1 «Б» сыныбында үйден оқиды.Диагнозы: L20,8Другие атопические дерматиты.Жалпы білім беру бағдарламасымен оқыту ұйымдастырылды.

**Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарға сәйкес О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде 05.09.2023 жылы Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау суицидтің алдын-алу туралы №230 бұйрық шығарылды.**

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде 2023 жылғы 8-20 қараша аралығында «Қатыгездік және зорлық зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны өткізілді.

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде 13.11.2023 жылы 8 сыныптар аралығында "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында тәрбие сағаттары болып өтті. Жұмыс түрі: эссе жазу.

Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

Қазақстанда БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын ратификациялау аясында 8-20 қараша аралығында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны өтілуде.

Науқанның мақсаты-ересектер мен балаларды қоса алғанда, қоғамның балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік проблемасы, оның бала мен қоғам үшін салдары, сондай-ақ осы саладағы халықаралық заңнаманың негіздері туралы хабардар болуын арттыру мақсатында Омар Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінің 4 сыныптар арасында «Зорлық-зомбылықсыз Бақытты балалық шақ» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/100033371782360/videos/208008385663397/>

<https://www.facebook.com/100033371782360/videos/2673415602959910/>

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде 13.11.2023 жылы 2 сыныптар арасында "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті!

📌 Мақсаты: Балаларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Балаларға өз жүрген орталарында

мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде 13.11.2023 жылы 10 «Б» сыныбында "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті!

📌 Мақсаты: Балаларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Балаларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

📌 Сынып жетекшісі: А.Бақтыбаева

<https://www.facebook.com/100033371782360/videos/1044951176646634/>

Мектеп психологы А.Сүлейменова Аутодеструктивті мінез-құлықты қалыптастыру жұмыстарына сәйкес 2023 жылдың 13 қараша күні 6 «Б» сынып оқушыларына *«Мен өзімді мақтай аламын»* тақырыбында тренинг жүргізілді. Мақсаты: өз-өзіне деген жағымды (позитивті) қарым-қатынастың дамуы; оқушылардың сенімділік сезімінің көтерілуі. 2023 жылы Қазан айында 5-6 сынып оқушыларынан Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау мақсатында «НСВ» 10 әдістемесі сауалнамасы алынды. 5-6 сыныптар бойынша 102 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша «Психологиялық қолдау тобына» оқушы шыққан жоқ. Мектепшілік бақылауға қолайсыз отбасы есебінен 6 «А» сынып оқушысы Советова Ақерке, 3-арнайы сынып оқушысы Советов Нұржан және жартылай жетім 6 Б сынып оқушысы Суюнова Кәусар алынып отыр. 7-11 сынып оқушыларынан DASS сауланамасы алынды.

Қараша айында жоспарға сәйкес оқушылардың психологиялық саулығын бағалау шкаласы бойынша 5-11 сынып оқушылары арасынан эссе алынды. Барлығы 279 оқушы қатысты. 5 сыныптар бойынша *«Өзіңді мақта»*, 6 сыныптар бойынша *«Менің армандарым»*, 7 сынып бойынша *«Менің өмірім»*, 8 сынып бойынша *«Менің айтылмаған сырларым»*, 9 сынып бойынша *«Мен өзгерткім келеді»*, 10 сынып бойынша *«Мен таңдаған өмір»*, 11 сынып бойынша *«Болашаққа хат»* тақырыптарында эссені толық жазып, оқушылар өз ойларын толық түсірді.

Мектепке 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында Суюнова Каусар 29.08.2012 жылы туылған Ақай ауылы №279 орта мектебінен ауысып келді. Ж Тәуелсіздік №17 үйде, отбасында анасымен бірге тұрады. Анасы Ертаева Гүлбаршын 31.08.1982 жылғы III топ мүгедегі. Қазіргі уақытта жұмыссыз. Суюнова Каусар сабаққа себепсіз қалмайды.

Суюнова Каусардың анасымен байланыс жасалып, мектеп іс-шараларға, ата-аналар жиналысына келу қажеттігі түсіндірілгенмен анасы мектепке келмейді.

Осы уақытқа дейін отбасына сынып жетекшісі және мектеп әкімшілігі 6 рет барғанын, отбасына бару уақытында үйде анасы Ертаева Гүлбаршын есікті ашпайды.Сөйте тұра Анасы телефон арқылы хабарласқанда, ватцап арқылы неше түрлі балағат сөздер жазып,сөйлесуге мүмкіндік бермейді. Анасының құлағы ауыр естиді. Қызын еркін тәрбиелеп бетінен қақпайды.Оқушы Каусар мектепте пән мұғалімдерінің айтуынша сабақты ынта қойып тыңдаса барлығын жақсы меңгеретінін, дегенмен мінез-құлқының өзгерісі бар.

Осы жағдайлар бойынша аудандық білім бөліміне 09.04.2012 жылы туылған Суюнова Каусар Нурлыбековнаға педагог-ассистент көмегінің қажеттілігін көрсетіп сұраныс жазып, хабардар еткен болатынбыз. Суюнова Каусарға сұраныс арқылы Сақташова Мақсат Қазбекқызы педагог- ассистент маманы қабылданды.

Мектеп психологы А.Сүлейменова Суюнова Каусармен бірнеше рет жеке сұхбаттасқан уақытта, қыз баланың мінез-құлқында өте өзгерістер байқады. Каусарды бақылау мақсатында бірнеше сабағына қатысқанымда ,мұғалім сұраған сұрақтарға жауап беріп отырды.Арасында қырсық мінезін көрсетіп ашуланып қалатынын айтты. Каусарды әкесі қайтыс болған, анасымен бірге тұрады.Анасымен сөйлесуге үйіне барғанымда қызын жақсы көріп қорғаштайтынын,мектепте ешкім тиіспеу керектігін ескертіп,жалғыз қызы екенін айтып, үйінде екеуі ғана тұратындығын айтты.Каусар анасынан қорқып тұратыны көрінді. Каусарға отбасынан жеткілікті қолдау мен түсінісу болмағанын, үйде еркіндік жоқ болғандықтан ,барлық мінез-құлықты мектепте көрсететіндігін мәлімдеді.

Анасынан өмірге көзқарасы дұрыс тәрбие жоқ екені байқалды.

Анасына қызын сабақтан қалдырмау ,гигиеналық тазалығын қару жайлы кеңестер берілді.

Қазіргі уақытта сабаққа келген күні оқушымен жеке жұмыс, сыныппен топтық жұмыс жүргізілгендігін, коррекциялық жұмыстар жүргізуде қиындықтар бар екенін айтты. Каусар тапсырманы орындауда қырсықтық мінез көрсетеді.

Отбасындағы қарым-қатынастың жеткіліксіздігі, аздығы ( отбасымен бірге дұрыс тамақтанбай кейде тамақ ішпей,от жақпай жата салатыны анасы растағанын айтты.) Анасының мінезіндегі ашушаңдық ,қарым-қатынасындағы өзгерістің бірден бір себебі болғаны байқалады, Каусар әлі де ата-ана қолдауын, көңіл бөлуін қажетсінеді.

Ата-аналар балаларының денсаулығына, дене бітімінің дамуына, жан-жақты өсіп-жетілуіне, емдетуге, тексеруге міндетті. Ата-аналар балаларын тәрбиелеуге құқылы және міндетті, яғни балаларын рухани, эстетикалық,

адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге жауапты. Ата-аналар балаларының міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті екенін түсіндірді.

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебі бойынша психологиялық іс-әрекеттің жылдық жұмыстарының негізінде оқу жылының басында «Қ Р 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Білім туралы заңында Қ Р Оқу-ағарту министрлігінің 25.08.2022 ж «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» туралы №377 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.06.2023 ж №186 бұйрығымен өзгерістерге) және Облыстық білім басқармасының 12.09.2022 жылғы №159-нқ\1 бұйрығына сәйкес, Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімі КММ-нің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы 15.19.2022 жылғы №543 бұйрығын негізге ала отырып, 31.08.2023 жылы Психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы туралы №196 бұйрық шығарылды. Психологиялық жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Білім сапасы төмен оқушыларға келетін болсақ, әрбір сыныпта үлгерімі төмен оқушылар бар екені анық. Дегенмен бұл оқушыларға әрбір пән мұғалімдері қосымша тапсырма беру арқылы оқушы үлгерімін көтеру қажет. Тоқсан сайын сынып жетекші ата-аналар жиналысын жасап, оқушылардың жағдайларын мәлімдеп отырады. Мектеп психологы ретінде әрбір сынып жиналысына қатысып, сынып жетекші төмендегідей ата-аналар тарапынан балаларына қатысты ережелерімен таныстырылды.

1. Балаңыздың сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы;
2. Сабақтан келген балаңыз күнделікті күнделігін тексеріп, көмек көрсету;
3. Мектепішілік ата-аналар жиналысына қатысу;
4. Сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымымен байланыста болу;
5. Балаңыздың мектептегі жағдайын жасау барысында өз еркіңізбен оқу-тәрбие іс-шараларына қаржылық көмек көрсету;
6. Мектептегі ашық есік күні балаңыздың сабағына қатысу; Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс неғұрлым тиімді болуы үшін олармен байланыстың әрқилы түрлерін қолдану қажет. Кейбір сынып жетекшілері тоқсанның аяғында үлгерім қорытындылары туралы ата-аналар жиналыстарын өткізуімен және оқуға үлгермеуші немесе тәртіпсіз балалардың ата-аналарын барлық уақытта бірдей келісіп әрекет жасамауы мүмкін. Бұдан басқа сыныпта, мектепте болатын кез-келген жұмыстарға мектепішілік іс-шараларға, сынып жетекшілердің ең бірінші қолдап, демеу көрсететін-сынып оқушыларының ата-аналары. Осыған байланысты сынып жетекші ең бірінші сынып ата-аналар төрайымымен және сынып ата-аналарымен тығыз байланыста болуы керек. Кез келген мәселенің жауабы ата-аналармен шешімін табуға тиісті. Осы жоспарды барлық сынып жетекшілері бұл мәселені бірлесіп дұрыс жолға қоя білсе, көптеген жұмыстарымыздан жеңілдіктер байқалар еді. Осыған байланысты көптеген ата-аналар сынып жетекшінің ай сайын өткізетін ата-аналар жиналысына келмей де жатады, оқушының ата-анасымен қалай байланыс жасау керектігі жайлы шешілетін көптеген жолдары бар.

**Сонымен қатар мектеп психологы ретінде психологиялық-педагогикалық тұрғыдан берілетін төмендегі 14 кеңес берілді.:**

1. Таңертен (не түсте) сабаққа барарында баланы жайлап қана оятыңыз. Сіздің биязы үніңіз бен күлкіңіз-ақ ұйқысын ашуы тиіс. Кешегі бір теріс қылықтарын айтып, басқа түкке тұрмайтын нәрсеге жүйкесін жұқартпаңыз. Тамағын ішпей жатып ұрыс-керіс ұйымдастырмаңыз.
2. Егер балаңыз сабақтан кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да болдың!» астына алып айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзіңіз кінәлісіз.
3. Баланы сабаққа (әсіресе таңертен) ашқұрсақ жібермеңіз;

4. «Бұзық болма!», «Қисалаңдамай тыныш жүр!», «Бүгін 2 алсаң құртамын!» деген ескертулерді жиі айта бермеңіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы баға алып келуіне тілектестік білдіріңіз;
5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін қандай баға алдың?» деп бас салып балыңызды сұрақтың астына алмаңыз. Мектептен келген балаңызды көңілді қарсы алыңыз, оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз. Егер бала әлденеге ренжіп келсе, бірдеңені айтпақшы болса, «сені тындауға уақытым жоқ» демей, арнайы көңіл бөліп, мұқият тыңдаңыз;
6. Бала бірдеңеге ашуланып жүрсе, үндемеңіз. Сабасына түскен соң, ол болған жайды өзі-ақ айтады;
7. Бала бірдеңеге қылығы үшін мұғалім сізді шақыртып алса, өзара әңгімеге баланы қатыстырмаңыз;
8. Мектептен келе сала баланы отырғызып қойып сабаққа дайындалтпаңыз. Олар да 2-3 сағат ойнап, демалған жөн, түсте ұйықтап тынықсын. Бесін мезгілі-сабаққа әзірленудің сәтті кезі.
9. Бір мезгілдіе барлық сабаққа әзірлену талап етпеңіз. Әр сабаққа әзірленген кезде үзіліс жасау дұрыс;
10. Сабаққа әзірленіп жатқан баланың желкесінен төніп тұрмаңыз. Дөрекі сөйлемеңіз. Одан да көмектесіп, бірлесіп дайындалыңыз.
11. «Егер, сен, осы сабақты орындамасаң!» деп басталатын тәртіпке шақыру баланың жүйкесіне әсер етеді. Одан да өзіңіз кірісіп, жайлап жетектеп отырыңыз.
12. Күнде жарты сағат ештеңеге алаңдамай балаларыңызбен емін-еркін, жақын тартып әңгімелесіп тұрыңыз.
13. Балаңыздың көңіл-күйі нашар болса, онда бірден назар аударыңыз. Ол сабақтан зорығуы мүмкін.
14. Егер балаңыз айтқаныңызды тыңдамайтын болса, онда ұстазымен, психолог маманымен, дәрігермен кеңесіңіз. Халық даналығында: «Баланы 5-ке дейін патшандай көтер, 15-ке дейін құлындай жұмса, 15-тен кейін досындай сыйла,» - деген керемет ұлағатты нақыл бар. Соны әрдайым басшылыққа алыңыз. Бала бойындағы жағымсыз мінез-құлықтар үнемі есепке алынса; ата-ана мен мұғалім бірлікте болып, баланың жақсы, жағымды істерін ылғи марапаттау қажет. Қоршаған ортадағы теріс әрекеттерден үнемі сақтандырып отырса, мұғалім мен ата-ана әрқашан сергектік, шыдамдылық танытып, жан жылуын беріп, шеберлік көрсете білсе, онда балаларымыз өзімшіл болмай, қиындықтан қашпай, міндетті мен парызын орындайтын ұрпақ болары анық.

#### **Ата-аналарға арналған этикалық кодекс**

1. Мектеп білім ошағы екенін есте ұстаңыз.
2. Мұғалімнің қоғамдағы рөлін бағалаңыз, қолдау көрсетіңіз.
3. Бала тәрбиесі тек мұғалімнің ісі емес, ортақ іс екенін ұмытпаңыз.
4. Мектеп туралы, мектепте болған жағдай туралы анық-қанығына көз жеткізбей тұрып, бөгде орындарға таратпаңыз.
5. Мектеп – балаңыздың екінші үйі екенін түсінсеңіз, өзіңізді де сол үйдің мүшесімін деп есептеңіз.
6. Мектепшілік және сыныптағы ата-аналар жиналысынан қалыс қалмаңыз.
7. Өз балаңыздың мектептен тыс уақыттағы өміріне аса үлкен жауапкершілікпен қараңыз.
8. Балаңыз сапалы білім алсын десеңіз оған мектепке қажетті құрал-жабдықтарын уақытылы әперіңіз.
9. Балаңыздың денсаулығы мен жеке басының тазалығына және киіміне жауапты қараңыз.

10. Өз уақытымен балаңыздың оқу процесін, күнделігін, дәптерін қадағалап отырыңыз.
11. Егер мектепке сабақ уақытында келсеңіз, сынып жетекшісін немесе балаңызды арнайы күту орнында күтіңіз.
12. Өз мүмкіндігіңізге қарай мектепте өтілетін, қала көлемінде өтілетін мерекелік шараларға, байқауларға қатысыңыз.
13. Өз еріктерімен әрбір ата-ана мектепке ұйымдастырушылық, ақпараттық және материалдық көмек көрсете алады.
14. Мектеп ішінде, сыныпта бола қалған қиын мәселелі жағдайларда оны мынадай тәртіппен шешуге тырысыңыз:

О. Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде 2023 жылдың желтоқсан айының 7-і күні 5 «А», «Б» сынып оқушыларымен «Менің мектептегі сезімім» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг мақсатымен жұмыс түрімен таныстырылып, сабақта өзін-өзі ұстауларын, сыныптастарымен қарым-қатынасы бақыланды. Сынып оқушылары мектептегі сезімдерін ашық айтты.

«Танысу» жаттығуы. Әрбір оқушы өз есімін айтып, есімінің бірінші әрпіне өзінің бойындағы үш қасиетін айтады. Мысалы: Менің есімім Ақелік – ақылды, арманшыл, адамгершілігім мол. Шенбер бойымен тренингке қатысушылар өздерін таныстырып өтеді, Осы аталып кеткен бойларыңыздағы қасиеттеріңізді естеріңізден шығармауларыңызды сұралды. Допты беру арқылы сұрақтар қоямын. Соларға жауап берді.

«Әріптер арасындағы сөздер» Көптеген әріптердің арасында тұтас сөздер бар. Балалар тез оқи отырып, сол сөздердің астын сызуларыңыз керек. Оқушыларды топқа бөліп, алдарыңызға кітап, қоңырау және глобус берілді. Осыдан өздеріңіздің қалауларыңыз бойынша ұнайтын затты таңдап топқа бөлінесіздер. Тапсырма Үлестірмелі суреттерді салынған парақтар әр топқа таратылды және ұстаздар сол суреттерге қарап, суретті сөйлету арқылы оқушы белсенділік көрсетті.



О. Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде 2023 жылдың желтоқсан айының 12-сіне 8 «А,Б», 9 «А,Б» оқушыларымен «Күйзелістен қалай арылуға болады?» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға қалыптастыру. Не нәрсеге болса да қарапайым көзбен, салқын қандылықпен қарау!

### **«Күлімдеу» жаттығуы**

Күлімдеу-керемет бір күшпен әрбір адамда бар ішкі энергияның қорын ашады. Айнаның алдына тұрып, омыртқаңызды тік ұстаңыз, иықтарыңызды жазыңыз, басыңызды пандана, төкәппалықпен жоғары көтеріңіз. Өзіңізге өзіңіз нұр сәулелі күлімдеңіз, қастарыңызды көтеріп, тап осы күйде 5 минут тұрыңыз. Жасанды түрде жақсы

көңіл-күй жасай отырып,бетіңіздің бұлшық еттеріне ықпал ете,сіз өзіңіздің жан дүниеніздің күйіне тікелей әсер етесіз. Ұйқыдан соң сіздің бейсанаңыз ашық болады, сондықтан да бұл тәсілді таңертеңгілік жасаған дұрыс. Сонда таңертеңнен кешке дейін тамаша көңіл-күйде боласыз! Күлімдеу кезіндегі бұлшық еттердің жайылуынан мұрын айналасындағы үшбұрышта эндорфин деген күлімдеу гармоны бөлінеді екен. Жақсы көңіл-күйдің себебі міне осында болып тұр. Оқушылар тренингті белсенділік танытты.



О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебімізде 2023 жылдың желтоқсан айының 21-і күні 10»А,Б» сынып оқушыларымен «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» атты тренинг өткізілді. **Мақсаты:**

-Оқушылардың агрессивті сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету;

-Рефлексивті механизмді белсендіру;

« **Көрме**» жаттығуы **Мақсаты:** Адам өзінің жан дүниесіндегі жағымсыз энергиялар-ашу-ыза,агрессия, көреалмаушылық,табалау,қызғаныш және т.б.жұмыс жасауы.Ыңғайлы отырып, денеңізді дел-сал күйде ұстаңыз,3-4 рет терең дем алыңыз да көзіңізді жұмыңыз.Сіз кішігірім көрмеде жүрмін деп көз алдыңызға елестетіңіз.Ашуыңды келтірген сол адамға өз сезіміңді тежемей, бәрін айтып –айтып салған сәттерді елестетіңіз.Ол туралы ойыңызға не келді, бәрін бүкпей жеткізіңіз. Сіздің сезімдеріңіз ниеттеген істің бәрін жасауыңызды көз алдына келтіріңіз. |Іс-әрекетіңізді тежемеңіз,осы адамға не істегіңіз келеді



«Жасөспірім және қылмыс» тақырыбы бүгінгі күні маңызды болып саналады. Өкінішке орай кейбір жасөспірімдер қылмыс пен құқық бұзушылықтың арты неге әкеліп соғатынына аса мән бере қоймайды. Құқықтық мемлекетке қадам басқан шақта қоғамға саналы адам қалыптастыру -мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болса, ол міндетті іске асыруға басты мақсат жасөспірімдерді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеуден айқын көрінеді. Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру өте маңызды. Құқықтық сауаттылықты арттыру құқықтық тәрбиемен келеді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды шарттарының бірі. Осы орайда құқық қорғау органдарының тарапынан көптеген іс-шаралар атқарылып жатыр.

О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде атындағы 2023 жылы 07 желтоқсан күні «Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыс барысында ата-аналарға жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру және ескерту жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға бала тәрбиесінде отбасылық қадағалау жасаудың маңыздылығы түсіндіріліп, түнгі сағат 10:00-ден кейін оқушыларға көшеде, ойын-сауық орталықтарында жүруге тиым салынатындығы ескертілді. Құқық қорғау органдарының өкілдері қала мектептерінде орын алған құқық бұзушылық әрекеттер туралы айта отырып, ата-аналарға келеңсіз жағдайлардың алдын алу жұмыстарын насихаттады. Ата-аналарға сұрақтар қойылып, ол сұрақтар бойынша нақты жауаптар берілді.



Қазіргі уақытта жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу өзекті мәселе. Құқық бұзушылық — бұл қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуда құқытық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру негізгі басымдықтардың бірі. О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінің оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, аутодеструктивті мінез-құлықтың, зорлық-зомбылықтың, буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша ата- аналар жиналысы болып өтті.

Мектептің психологы А.Сүлейменова буллинг, кибербуллинг туралы түсінік бере отырып, ата — аналармен сауықтыру жұмыстарын жүргізді.

Мектептің директоры Б.Дүйсенбаев балалардың сапалы біліммен қатар саналы тәрбие алуы үшін ұстаздардан бөлек ата-ананың да орны мен рөлі айрықша екеніне тоқталды . Сондықтан, өскелең ұрпақтың тұлға болып қалыптасуына қоғам болып үлес қосу әрдайым бірінші кезекте тұруы қажет.Мектеп ішкі тәртіп ережесі, «Бес терек » жобасы бойынша атқарылған жұмыстар ата- аналарға таныстырылды.

Мектептің ұжымы ата — аналар жиналысын ерекше дайындықпен ұйымдастырды.«Домбыра пати», » Жас суретшілер галереясы» , пәндік көрмелер, үйірме жұмыстары ата- аналарға ой салды.Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланатын

оңтайлы шешім деп білеміз .Кездесу барысында ата-аналар тарапынан ұсыныстар білдірілді.



О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде «Ер балармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын-алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтау» тақырыбында 7-8 сыныптардың ер балалармен мектеп педагог-психологы А.Сүлейменова кездесу өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың психикалық денсаулығын нығайту, тұрақты эмоционалдық көңіл-күймен үйлесімді тұлғаны қалыптастыру.



«Суицидтің өршуі – қоғамға келген қатер» Ата – аналармен жиналыс өткізілді. Жиналсқа 98 ата – ана қатысты. Жасөспірімдердегі суицидалдық мінез-құлықтың себептері мен ерекшеліктері олардың тұлғалық тұрақсыздығынан туындайтындығы, қарама-қайшы сипаттар, ұмтылыстар, ағымдар бірге өмір сүруі, бір-бірімен күресуді үйрететіндігі туралы түсіндіру. Ата-анасымен және сыныптастарымен қарым-қатынасы дұрыс қалыптаспаған жасөспірім өзін жалғыз, бөтен және түсініксіз сезінеді. Бұған өмірді қараңғы етіп көрсететін түңілу сезімдері қосылады. Осылайша ауыр уайымдар пайда болады және түрлі депрессивтік күйлер туындайды.

«Жақсы көңіл-күйге шақырамыз» мұғалімдер арасында Тренинг мақсаты ұстаздардың эмоционалдық күйіп кетуінің алдын алу.

Тренинг барысында "Сәлемдесу", "Тұлғаның 3 типі", "Баға" жаттығулары мен "Эмоция әлемі" тақырыбында құм терапиясы өткізіліп, ұстаздарға кеңес берілді мектеп оқушылардың психологиялық саулығын сақтау және нығайту бойынша жағдай жасау, оқушылар мен мұғалімдердің

психологиялық құзыреттілігін арттыру және адамтанудың құрамдас бөлігі ретіндегі психологиялық ғылымның маңыздылығы туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында «Психология әлеміндегі мен ...» тақырыбында психологиялық апталық ұйымдастырылды. Мақсаты: Балалар мен ересектердің назарын мектептің психологиялық қызметінің жұмысына аудару және балаларға ынтымақтастық жағдайында өмір сүруге мүмкіндік беру. Апталықтың бірінші күні Мектептің педагог психологы А.Сүлейменова «Психология әлеміндегі мен» тақырыбында психология апталығында жүргізілетін жұмыстармен таныстырды. Апталықтың бірінші күні “Жарқын көңіл-күй сыйлаймын” атты акциясымен басталды. 5 сынып оқушылары белсенді атсалысты. Апталықта көңіл – күйлерін көтеріп, өмірге деген құштарлықтарын арттыру мақсатында өткізілді. Аптаның бірінші күнінен бастап фойеде «Психология апталығы» стенді ілінді, онда алдағы іс-шаралар туралы күнделікті хабарландырулар ұсынылып, өткендердің нәтижелері көрсетілді, бұл назар аударуға және психологиялық мәдениетті жақсартуға көмектесті.

<https://www.facebook.com/share/p/3M1M6Xb19ssbabc2/?mibextid=xfxF2i>



О.Шораяқұлы атындағы ІЗ0 орта мектебінің психологы А.Сүлейменова "Психология әлеміндегі мен..." атты психологиялық апталықтың жоспарына сәйкес, 5-6 сынып оқушыларымен көңілді үзіліс өткізді.



<https://www.facebook.com/share/v/MWeC7Cfham4qRzGK/?mibextid=xfxF2i>

О.Шораяқұлы атындағы 30 орта мектебінде 19-23 ақпан аралығында "Психология әлеміндегі мен..." тақырыбындағы психология апталығында 5-7 сынып оқушылары „Бақытты балалық шақ" атты шараға қатысып, мектептегі қызықты, бақытты шақтарынан видеоролик жасап, белсенділік танытты.

<https://www.facebook.com/share/v/7UjuuCKVuC1eusCa/?mibextid=xfxF2i>

<https://www.facebook.com/share/v/PmBKb1yHvy8g7AnC/?mibextid=xfxF2i>

<https://www.facebook.com/share/v/g54mxj9QxqDUinPK/?mibextid=xfxF2i>

<https://www.facebook.com/share/v/avBM9N3UAVuGrKEp/?mibextid=xfxF2i>

"Психология әлеміндегі мен..." апталық аясында мектеп ұстаздары мен оқушылары арман тілектерін қағаз бетіне түсіріп, үзіліс уақытын тиімді пайдаланып, көңілді өткізді.

Педагог-психолог А.Сүлейменова Қ.Бұқпанов

### **Жақсы көңіл-күй - жан азығы.**

Көңілді үзіліс - оқушылардың өзара ұйымшылдығын, қарым-қатынасын арттырады және сананы сергітіп, жаңа күйге түсіреді.

Осы мақсатта 6 Б сынып оқушыларына жақсы, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Педагог ассистент М.Сақташова

<https://www.facebook.com/share/v/xRg8LaQkJfL7SV8K/?mibextid=xfxF2i>

### **“ҒАЖАЙЫП БІР ЖҰЛДЫЗ”**

О. Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде "Психология апталығы" аясында мектептің арнайы маманы Баубек Жорықбаев мұғалімдерге арналған "Ғажайып бір жұлдыз" атты флеш тренинг өткізді.

Тренингтің мақсаты: ПДТ балаларға арналған арнайы сыныптардағы түзету-білім беру процесінің технологиясын қарастыру.

Арнайы сынып оқушыларын оқыту барысында пайдалануға болатын ребустар және қызықты әдіс тәсілдерді тиімді пайдалану.

Флеш тренингке мұғалімдер белсене қатысты және жақсы лебіздерін жеткізіп, арнайы маманға сәттілік тіледі.



Аптаның үшінші күні ұстаздарға және оқушыларға таңғы көңіл - күй сыйлау мақсатында стикерлер таратылып, оған тілек жазып, ортада тұрған тақтаға ілу ұсынылды.

«Сиқырлы әлем» тақырыбындағы психология апталығының ашылуы салтанатты түрде өтіп, оқушылармен «Көңілді үзіліс» ойыны ойнатылды. Сондай-ақ оқушылар бос тақтаға өздерінің арманын жазып, достарына тілектерін жазды.



О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектебінде қаңтар айында “Бір сәт бақыт сыйла” тақырыбы аясында психологиялық сағат өткізілді. Мақсаты:

-Мұғаліммен оқушылардың қарым-қатынасын нығайту, өзара жағымды қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, ақыл- ойын дамыту, ортада өзін еркін ұстауға және өз ойын еркін жеткізуге үйрету;

-Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу.

Міндеті:

-Табысқа жету мен қолдау сезімін қалыптастыру;  
 -Оқушылардың өз өміріндегі, адамдардың өміріндегі психологияның рөлі мен орны туралы ойларын қалыптастыру және дамыту;  
 -Мектеп оқушыларының бойында татулық сезімдерін қалыптастыру;  
 күні апталықтың ашылуы өткізіліп, ұстаздар арасында “Жақсы көңіл-күй сыйлайық!” іс-шара ұйымдастырылып, 6-сынып оқушылары ұстаздарына сұрақ-жауаптар қойып, ізгі тілектерін жолдады.



«Психология әлеміндегі мен...» атты апталықтың қорытынды кешінде оқушыларға қызықты тренингтер, ойындар ұйымдастырылды. Апталыққа белсене қатысқан оқушылар марапатталды.



«Өмір деген ғажайып, өмір деген тамаша» Коучинг 9-11 сынып оқушылар арасында өткізілді. «Өмір деген ғажайып, өмір деген тамаша» тақырыбында коучинг өткізілді. Жалпы қатысқан оқушы саны:

97 оқушы

Мақсаты:

— өмір адам баласына бір -ақ рет берілетін қымбат сый екеніне ықпал ету.

— адам бойында болатын асыл қасиеттерді, адамгершілік, мейірімділік сезімдерін дамыту. Жақсы қасиеттерді үйрету, жаман қасиеттерден жиренту.

— балалардың ойын ашу, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру.

**Тренинг жоспары:**

1. Кіріспе

2. "Шаршауды сілкіңіз" ойыны

3. Топтық пікір алмасу (сұрақ-жауап түрінде)

4. Бейнеролик «Жігерлендіру»

5. «Өмір сүрудің ең жақсы жолы» ертегі терапиясы

6. Ф.Тайтелиевтің «Тамаша өмір сүрудің 10 кілті» кеңестерін талқылау.

7. «Тамаша көңіл - күй» жаттығуы

2023-2024 оқу жылының сәуір айында оқушылардың психологиялық денсаулығын нығайту айлығы өткізілді, айлыққа жоспар құрылып, оқушылардың белсенділігімен қатар қызығушылығын арттыру мақсатында іс –шаралар мен акциялар өткізілді. Өр өткізілген іс –шараға оқушылар белсенділік таныта білді. Сәуір айында өткізілген іс – шаралар фейсбук және инстаграм желілеріне және арнайы мектептің ресми сайтына уақтылы жарияланды.

«Көктемгі оқушылардың психологиялық денсаулығын нығайту айлығы» өз дәрежесінде өтті.

7-11 сынып оқушылары арасында «Зорлық зомбылық туралы мен не ойлаймын?» тақырыбында алынған жасырын сауалнама алынды.Қатысқандар: 7-11 сынып оқушылары Жалпы қатысқан оқушы саны: 162

Мақсаты: балалардың құқығын қорғаудағы проблемаларды анықтап және осы мәселе бойынша балалардың көзқарасын білу және оқушылармен жасырын түрде жүргізу

Қорытынды: оқушылардың зорлық – зомбылық туралы ой қалыптасқан, отбасында ешқандай тұрмыстық зорлыққа душар болмаған, егер зорлыққа кенеттен душар болса кімнен көмек сұрау керектігін біледі, баланың құқықтарының қорғайтын заңдардың бар екендігін біледі.

Жассырын сауалнамаға қатысқан 162 оқушы арасында зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке тап болған оқушы анықталған жоқ.

Мектепке келу- әр баланың өміріндегі өтпелі кезең. Оқудың басталуы оның күнделікті тіршілігіне өзгеріс енгізеді. Мектепке дейінгі оқушыларға тән балалық, бейқамдық, ойынға берілу көптеген талаптар міндеттер және шектеулері бар өмірмен алмасады: енді бала әр күні мектепке баруы керек, жүйелі еңбек етуі, күн тәртібін орындауы, мектеп өмірінің ережелеріне бағынуы керек, мұғалімнің талаптарын орындау, сабақта мектеп бағдарламасы бекіткенмен шұғылдану, домтапсырмаларын тиянақты орындау, оқу жұмысында жақсы нәтижелерге қол жеткізу.

Осы 6-7 жас кезеңінде баланың психологиялық келбеті де жаңарады, жеке адамдық, танымдық және ақыл-ой мүмкіндіктері, көңіл-күй, қарым қатынас ортасы өзгереді. Бала өзінің жаңа жағдайын міндетті түрде сезініп, үлкен болғанына мақтанады, оған жаңа жағдайы ұнайды. Осы кезде ата-ана баланың сәтсіздіктеріне шыдамдылық, талпыныстарына қолдау көрсетуі қажет.

Сонда да, мектептегі оқудың басталуы әр бала үшін өте күшті стресс. 1-сынып оқушыларының мектепте болған бірінші аптасында ағзаның қарсы тұруы төмендейді, түс көру, тәбет бұзылады, температура көтерілуі мүмкін. Мектепке бейімделу кезеңі кейбіреулерінде бір ай, басқаларында бір тоқсан, үшіншілерінде бір оқу жылына созылуы мүмкін. Мұнда көп нәрсе баланың жеке адамдық ерекшеліктеріне байланысты.

Осындай жағдайларды ескере отырып, 1-сынып оқушыларының психологиялық даму деңгейлерін, мектепке даярлығын анықтауға арналған зерттеу жұмыстары жүргізілді.

**Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты:** Баланың мектепке дайындығын, танымдық қабілеттерін, яғни есте сақтауын, ойлауын және зейінінің даму барысын айқындау.

Осы мақсатқа жетуде алдымызға төмендегідей міндеттер жүктелді:

1. Сыныптармен және олардың сынып жетекшілерімен танысу, сынып туралы толық мәлімет алу.
2. Әр баланың жеке тұлғалық қасиеттерін сынып жетекшісімен бірге талқылау және де сынып жетекшісінің пікірімен салыстыру.
3. Баланың білімін көтеру мақсатында ата-ана мен сынып жетекшісінің ынтымақтастығын нығайту.
4. Зерттеу нәтижесі бойынша төмен деңгейді көрсеткен оқушылармен дамыту жұмыстарын күшейтуді қадағалау және психологиялық ықпал көрстеу.

Зерттеу барысында 1-сынып оқушыларының даму деңгейіне қарай таным үрдістерінің қалыптасуы барысында кездесетін кемшіліктерді түзетіп, қалпына келтіруге арналған психологиялық жаттығулар алынды.

**1 А сыныбы бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындысы:**

Сыныпта барлығы –22 оқушы, оның қызы – 11, ұл –11. Сынып жетекшісі – 3.Тоқшылықова Сыныптағы жағдай бірқалыпты. Яғни зерттеу барысында сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсы.

**1Б сыныбы бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындысы:**

Сыныпта барлығы –19 оқушы, оның қызы –9, ұл –10. Сынып жетекшісі – Н.Ермекбаева Сыныптағы жағдай бірқалыпты. Яғни зерттеу барысында сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсы.

Қорытындылай келе, 1 сынып жетекшілері мен ата-аналар бірлесіп, төмен ұпай алған оқушылармен жекелей жұмыстар жүргізу, тілдерін дамыту, ақыл-ой қабілеттерін одан әрі дамытып, логикалық тапсырмалармен көбірек жұмыс жүргізуді күшейту қажеттігі жайлы психологиялық кеңес берілді. Сонымен қатар, оқушылардың зейінін дамыту үшін көптеген көрнекіліктермен сабақтар өткізу олардың қабылдауын және есте сақтауын арттыру туралы сынып жетекшілермен әңгіме, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

5-11 сынып жетекшілерімен «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, оның ішінде двиантты мінез-құлықтың алдын алу, жасөспірімдерді ортаға бейімдеу жұмыстарын жүргізу ерекшеліктері» тақырыбында жұмыстар өткізілді. Тесттер алынды.

Мақсаты:

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға, балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті және девиантты мінез-құлықтың алдын алу, кәмелетке толмағандардың қылмысына тосқауыл қою жүйесін дамыту проблемасын шешуге, жасөспірімдермен жұмыс ұйымдастыру проблемасын талқылауға жағдай жасау.

Ч.Д.Спилберг және Ю.Л.Ханиннің әдістемесі бойынша үрей деңгейін диагностикалау, Спилбергер әдісі бойынша «Өзіндік баға берудің жеке шкаласы» тесті алынды. НСВ әдістемесі жүргізілді. Сынып жетекшілерге жаднама таратылып, кеңестер берілді



1 сынып оқушыларының мектепке, 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі мен 10 сынып оқушыларының бағдарлы оқытуын анықтау, оқушыларға психологиялық көмек және қолдау көрсету.

Қатысқандар: 1 «А,Б», 5 «А,Б», 10 «А,Б» сыныптары

Барысы: 1 сыныпқа келген оқушылардың мектепке бейімділігін анықтау мақсатында 1 сынып оқушыларымен «Керн-Иерассик» тесті алынды, тесттің мақсаты: оқушылардың мектепке даярлығы мен бейімділігін анықтау. Бұл тесттің нәтижесі бойынша:

1 «А,Б» сынып бойынша – 41 оқушы қатысып, оның ішінде 3-6 балл жинаған 25-оқушы жоғары көрсеткіш; 7-11 балл жинаған – 14 оқушы орта көрсеткіш көрсетті. Сынып оқушыларының жалпы мектепке дайындық деңгейі жақсы. Оқушылар мектепте оқуға бейім, мектепте оқуға дайындықтары жақсы деңгейде; сынып бойынша қосымша зерттеуді қажет ететін оқушылар анықталған жоқ.

Оқушылар мектепте оқуға бейім, мектепте оқуға дайындықтары жақсы деңгейде; сынып бойынша қосымша зерттеуді қажет ететін оқушылар анықталған жоқ.

5 «А,Б» сынып бойынша 58 оқушы қатысты. 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында «Қобалжу шкаласы» (Кондаштың «Әлеуметті – жағдайлы қобалжу шкаласы» бойынша) әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: кіші буынан орта буынға өткен оқушылардың орта буынға психологиялық тұрғыда бейімделуі мен пәндік бейімделуін анықтау. 5 сыныптар бойынша оқушылардың орта буынға бейімделуінде жалпы орта буынға өтудегі қиындықтар жоқ, әр түрлі пәндерден, әр түрлі мұғалімдердің бергендері оларға қиындықтар тудырмаған. 5 сыныптарының жалпы орта буынға бейімделуі жақсы деңгейде. Қорқыныш, үрей деңгейі жоқ, қалыптасуы жақсы.

10 «А,Б» сынып оқушыларынан «кәсіби бағыт – бағдарын анықтау» мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында 10 «А,Б» сыныптарынан – 28 оқушы қатысты. сауалнамаға 28 оқушы қатысып, оның ішінде:

10 «А» сыныптан 15 оқушы қатысып, оның ішінде 15 оқушы жаратылыстану-математикалық

10 «Б» сыныптан 13 оқушы гуманитарлық – қоғамдық бағытты таңдады

Қорытынды: 1 сыныптардың жалпы мектепке бейімделуі жақсы деңгейде, 5 сынып оқушыларының орта буынға өтуінде қорқыныш, үрей деңгейі жоқ, орта буынға бейімделуі қалыпты деңгейде. 10 сынып оқушылары өздері таңдаған бағыттары бойынша білімдерін жалғастыруда.

«Мен бесінші сыныпқа көшемін» Мақсаты: 4 сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық диагностикасын анықтау, олардың кіші буынан орта буынға көшуге бейімделуін бағалау

Әр оқушыдан «Мен бесінші сыныпқа көшемін» шығармасы жазылып, оқушылардың дайындығы анықталынды. Оқушылардың орта буынға өтуде қорқыныш, мазасыздық деңгейі анықталған жоқ.

4 сынып ата – аналарына кеңес жадынамалары таратылды.

- Балаңызға өзіңіз мектепте оқығаныңыз туралы әңгімелеп көңілін көтеріңіз.
- Сабақ үлгерімі, тәртібі, басқалармен қарым-қатынасы туралы үнемі мұғалімдермен әңгімелесіп отырыңыз.
- Сабақ үлгерімінің бағасын өзіңіздің жазалау немесе мақтаумен байланыстыр маңыз.
- Өз балаңыз оқитын мектептің ерешілігін, бағдарламасын біліңіз.
- Үй жұмысын орындауға көмектесіңіз, бірақ өзіңіз орындамаңыз.
- Мектептен еніп оқитынына баланың қызғушылығын арттыруға көмектесіңіз.
- Мектеп өмірінде өзгеріс болып жатқанда, үйде бір қалыпты, жайбарақат атмосфера орнатуға тырысыңыз.

Педагогтарға мәселелерді шешу стратегиялары ұсынылды.

Психологиялық хал – жағдайы мен оқудағы қиындықтарды сезінетін оқушыларға педагогикалық көмек берудің стратегиясын құру.

Белгілі бір сынып оқушыларының психологиялық – педагогикалық дәрежесінің ерекшеліктерін ескере отырып, оқу құралының мазмұнын талдау.

Белгілі бір сынып оқушыларының психологиялық - педагогикалық көрсеткіштерін ескере отырып, жеке тұлға аралық тілдесіп стилін талдау.



Бала біздің болашағымыз» «Отбасы – жылулы ұясы» кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен жақсы қарым - қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу. Ата – аналарға жаднамалар таратылды.

«Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» «Кибербуллинг, буллингке жол жоқ!» энерджайзер-тренинг

9 сыныптрмен өткізілген энерджайзер –тренингінің мақсаты:

«Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту;

Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу;

Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі

Қыздыру: Сыныпқа сұрақ: «Буллинг дегенді қалай түсінесіздер?»

2. Шағын-дәріс: Буллинг анықтамасы, буллингпен жанжалдын айырмашылығы, буллингтен қорғану.

3 Шағын топтардағы жұмыс: «Егер сен буллингтен зардап шексең немесе буллинктің куәгері болсаң не істеу керек?»

4. Балаларды ұруға болады ма? - «Позицияны таңдаңыз» ойыны.

5. Бақылау сұрақтар

Білім алушылардың зорлық-зомбылықтың оның ішінде буллинг пен кибербуллингтің барлық түрлерінен қауіпсіздігін сақтау мақсатында іс жоспары құрылып, бекітілді. Білім алушыларға "Антибуллинг және кибербуллинг дегеніміз не?" тақырыбында білім алушылар мен ата-аналарына видеоролик жіберілді.

Кез-келген адамның кибербуллинге ұшырауы мүмкін екендігін білім алушыларға ұғындыру мақсатында ватсап желісі арқылы жаднамалар таратылды. Онлайн қауіпсіздігін сақтау және көмек сұраудан қорықпауды оның әлсіздік емес екендігі туралы "Көмек сұрау - әлсіздік емес" тақырыбында онлайн дәріс өткізілді. 11-сынып оқушыларының ҰБТ – дайындығын психологиялық тұрғыда дайындығын анықтау барысында жасалған жұмыстарының мәліметі.

Қыркүйек айында 11-сынып оқушыларынан «Сенің арманың» сауалнамасын алдық. Сауалнамаға 33 оқушы қатысты. 11- сынып оқушылары сауалнамаға ашық, толық жауап берді. 26 оқушы ең басты арманы да, мақсаты да ҰБТ-ді ойдағыдай тапсырып, жоғарғы оқу орнына түсу болса, қалған 7 оқушы ата-анасының үмітін ақтап, ата-аналарына өмір бойы жағдайын жасап қамқор болуды алдына мақсат қойып, армандайды екен. Оқушыларға ата-ананың сенімін қалай ақтайсың?-деген сұраққа 24 оқушы жоғарғы оқу орнына түсіп, жақсы маман иесі атанып, сенімін ақтайтының көретсе, 8 оқушы еңбек пен қамқор арқылы, 5 оқушы білмеймін, қалған 4 оқушы уақытында көреміз деп қысқа жауаппен шектелді. Оқушыларға болашақта кім болғың келеді?-деген сұраққа әр оқушы өзінің арманындағы мамандықты атап көрсетті. прокурор, 1 оқушы академик, 1 оқушы Мектебіміздің мүмкіншілігі шектеулі, үйден оқытатын оқушылармен жыл бойына жоспар құрылып, коррекциялық сабақ жүргізілді. Жұмыс істеу барысында оқушылар логикалық ой қажет ететін тапсырмаларды қиындықпен орындайды. Танымдық аймағы қалыптасуда, алайда дамуы тежелуде. Ойлауы өз жасынан кем дамыған, зейіні әлсіз. Есте сақтауы да төмен. Жалпы психикалық қасиеттерінің дамуы жетілмегенмен, кідірі көп.

Есте сақтауы өте қиын, тез ұмытады, зейіні шоғырланбаған, ойлау қаблетті төмен,ыстық,суық,аласа,биік деген түсініктері дамыған. Жаман жақсыны ажырата алады.

### **SWOT - талдау**

**S – күшті жақтары:** Ата – аналармен мектеп ұжымдарымен сұраныс бойынша жұмыстар атқарылып, мұғаліммен ата – ана арасындағы жағымды атмосфера құруға көмек көрсетіліп отырылды. Мектепте қиын оқушы аудан көлемінде тіркелмеген. (Әлімжеттік, зорлық-зомбылыққа байланысты, қыздар мен ұлдар жұмысы уақтылы жүргізіліп отырылады). Суицидтік әрекеттерді алдын алу мақсатында ДТІЖО мен біріге отырып осы бағытта жұмыстар бірлесіп атқарылды. Жас өспірім қыздармен «Ерте жүктіліктің алдын алу» атты семинар өткізілді. Қыздар төрайымы, сынып жетекшілер және педагог-психологының қатысуымен өткізілді.

**W – әлсіз жақтары:** Ата – аналардың мектеппен қарым-қатынасының төмендігі. Ата-аналар мектепке өткізілген іс-шарада толық келмеуі.Мектепшілік психологиялық тренингтер ұйымдастырғанда ата – аналардың қатысуының қиындығы. Жаңадан келген оқушылардың мектепке бейімделуі ,сабақ үлгерімінің нашарлығы.

**О – мүмкіндіктері:** Мектептегі психологиялық қызметті аудан, облыс көлемінде тәжірибе алмасып, тарату жұмыстары ұйымдастыру. ҰБТ – ға қатысатын оқушыларға психологиялық қолдау көрсетіп, аудан көлемінде мектептің рейтингісін көтеру. Психологиялық өз білімін жетілдіру.

**Т – қауіптер:** Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша ата-аналардағы түсінбеушілік.

ҰБТ бойынша оқушылардың көрсеткішінің төмен деңгей көрсетуі. Оқушылардың интернетке тәуелділігі. Ата-аналардың жұмыс бастылығына байланысты балалардың бос уақытының тиімсіз өтуі. Әлеуметтік желідегі әртүрлі мультфильм, видео мен ойындарды көріп,ойнау арқылы балалардың агрессивтілігінің жоғарлауы.

Білім берудегі психологиялық дағдыларды қалыптастыруды білімдік орта құрумен қамтамасыз ету. Мұғалім өзінің кәсіптік деңгейін жоғары дәрежеге көтеру үшін өзіне-өзі сенімді болуы керек. Сыртқы ортадан ешқандай көмек күтпеуі керек. Өзінің болашағына мақсат қойып, оны орындау үшін өз білімін жетілдіру керек. Жеке басының кәсіптік деңгейіне өзіндік қорытынды жасап отырса, ерте ме, кеш пе өзі жеткен жетістіктері мен қиыншылықтарының негізінде мемлекетіміздің мұғалімдердің алға қойған талаптарын орындауда өзіне одан әрі талап қойып, өзін үлкен мақсаттарға жетелейді. Мұғалімнің өз мақсатына жету үшін әрине мектеп психологы әсер етеді.

Психологтың жұмысы шығармашыл, қызықты және ең алдымен өз жұмысыңды, оқушыларды жақсы көру керек, оларға жылу және жақсылық беру керек. .

Психолог - өте айқын жеке дара, қызықтыра білетін, өзін-өзі көрсетуге жол іздейтін тұлға болу керек. Сол кезде ғана оқушыларды, мұғалімдерді, ата-аналарды өзіне тарта біледі және де өз жұмысына қанағаттанады.